



Сабақтың тақырыбы:

1836 – 1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы мен
Махамбет Өтемісұлы басшылығымен болған ұлт-
азаттық қозғалысы.





Сабақтың мақсаты:

Оқушыларды кіші жүздегі көтеріліс тарихымен таныстыру. Көтерілістің алғышарттарын, себептерін анықтап, көтеріліс басшыларының ықпалына баға беру.





Білімділік: "Білген сайын келеді біле бергім, біле беру емес петілегі елдің "- демекші, туған жердің тарихын, соның ішінде 1836-1838 жылдардағы И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған көтерілістің мақсаты, сипаты, көтерілістің тарихи маңызын ашып көрсету патшаның отаршылдық саясатына қарсы бағытталғаны туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Тарихи деректер бойынша тұжырым жасай білу, дағдысына үйрету;
Түсініктерін дәйек сөзбен дәлелдеуге жаттықтыру;
Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
Шешендік сөз, сана, ұлттық намыс қалыптастыру;
Сөздік қорларын молайтып, сауатты сөйлеу қабілеттерін арттыру.

Тәрбиелік: Бабалардың ерлік рухын сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру;
Ерлікке, батырлыққа, отанын сүйуге, еліне қызмет етуге және қорғауға тәрбиелеу.





Сабақтың түрі: Панорамалық сабақ.

Сабақтың типі: Жаңа білімді меңгерту.

Сабақтың әдісі: Оза оқыту технологиясы, Ой - қозғау стратегиялары, іздендіру.

Сабақтың көрнекілігі: Махамбет-Исатайдың суреттері, тірек схема, карта, таблица.





Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- оқушылармен амандасу.
- оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.
- оқушылардың зейінін сабаққа аудару.





II. Үй тапсырмасын тексеру: «Ой-қозғау»

1. Сырым Датұлы бастаған көтерілістің алғышарттары қандай?
2. Кіші жүздегі ішкі күрестің көтеріліс барысына әсері қандай болды?
3. Көтерілістің жеңілу себептері мен салдары қандай?
4. Көтерілістің жеңілуін, тарихи маңызын түсіндіріңдер.



Сырым
Датұлы
бастаған
көтерілістің
тарихи
маңызы

Патша үкіметінің отарлау саясатының түпкі мақсаты – ең шұрайлы Жайық өңірін басып алу екендігін дәлелдеді

Қазақ өлкесіндегі ең ұзақ көтеріліс болып, 14 жылға созылды

Руаралық қайшылықтардың басты мақсатқа жетуде зор кедергі болғанын дәлелдеді

Еділдің шығысындағы ірі халықтық сипаттағы қозғалыс болды



III. Жаңа сабақ .

Жоспары:

1. Көтерілістің себептері және басталуы.

2. Көтерілістің аумағы мен негізгі оқиғалары.

3. Жеңілу себептері мен тарихи маңызы.



Тәуелсіздіктің туы қазақ халқына ауыртпалықты болса да, 1990 жылдары орнады. 1836 -1838 жылдардағы халық азаттық қозғалыс тарихында Исатай мен Махамбеттің бар болмыс-бітімі ашылып, тарихта қалуында жауынгер серіктерінің өлшеусіз еңбегі болғаны сөзсіз. Исатай көтерілістің тарихи басшысы болса, Махамбет халықты өлең – жырмен үгіттеген, көтерілісшілердің рухани басшысы:

Кешегі өткен Исатай
Жауды көрсе састы ма,
Одан қорқып қашты ма?
Қанша батыр өтсе де,
Бір қазақтың ерлігі
Махамбеттен асты ма ?!

Мұрат Мөңкеұлы.



1836-1838 жылдар

Бөкей ордасы

Ақын

Махамбет

Көтерілісті
басқарушы

Жыршы

Домбырашы

Күйші



**С.Датұлы басқарған
қозғалыс**


**Қазақтардың
отаралауға қарсылығы**

Ұлт – азаттық қозғалыс


**Ж.
Нұрмұхамедұлы
бастаған көтеріліс**

**К.Қасымұлы
бастаған көтеріліс**

**Бөкей хандығындағы
Исатай – Махамбет
бастаған қозғалыс**



**ИСАТАЙ
ТАЙМАНҰЛЫ**



**МАХАМБЕТ
ӨТЕМІСҰЛЫ**



Махамбет пен Исатай ол – азаттықтың , жыршысы, өздеріне дейінгі жыраулардың суреттеу мен сипаттаудан тұратын дәстүрін пайдалана отырып поэзияға азатшылдық, күрескерлік рух әкелді. Исатай – Махамбет ұлт – азаттық көтерілісті жырлаған.

Исатай заманы – мүлде басқа заман , ол кезде қазақ мемлекеті жоқ. Орысқа бодан болған кезіміз. Оның устіне орыстар дендеп кіріп жатты. Сол кезде қазақ екі удай қиыншылыққа ұшырады. Біріншіден, мемлекетінен айырылды, екіншіден орыстардың бодандығына түсті, осы жаңа заманда халықтық, қоғамның алдында басқа мәселе тұрды. Егер бұрын мемлекетті күшейту керек болса, енді азаттық үшін күресіп, отаршылдықтан құтылу керек болды. Осы кезде тарих аренасында Махамбет пен Исатай пайда болды. Олар азаттық үшін елін жерін қорғауда бар күш жігерін аямады. Сондықтан Махамбет пен Исатай тәуелсіздіктің жаршысы деп айтуға толық хақымыз бар



Махамбеттің айнымас серігі





Исатайдың серігі

Бала кезінен
мұсылманша
білім алды

Ақылды

Махамбет

Ереуіл ақын

Тапқыр

Өте мерген

Палуан, батыр

Үнемі өз
жасақтарының
алдында жүреді



IV. Жаңа тақырыпты бекіту.

А) С. Датұлы бастаған көтеріліс тарихын еске түсіріп, И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыспен салыстырыңдар.

	С. Датұлы бастаған көтеріліс	И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған көтеріліс
Жылдар		
Аумағы		
Көтеріліс себептері		
Негізгі оқиғалары		
Жеңілу оқиғалары		
Маңызы		



Б) «Тапқыр болсаң тауып көр» «Таңдамалы тестпен жұмыс»

р/с	Сұрақтар	Жауаптар		
		А	В	С
1	Махамбет қай жылы дүниеге келді?	1805	1804	1801
2	Бөкей ордасының негізін қалаған?	Бөкей	Жәңгір	Айшуақ
3	Көтеріліс қашан басталды?	1835	1836	1838
4	Көтерілісті басқарған кімдер?	Айшуақ	Кенесары	Исатай, Махамбет
5	Көтеріліс кімге бағытталды?	Ханға қарсы	Шаруа ға	Старшынға



р/с	Сұрақтар
1	Исатай кім?
2	1836-38 жылғы көтерілістің басталу себебі?
3	Исатайдың өлеңдерінің тақырыбы
4	Көтерілістің нәтижесі
5	Исатай туралы зерттеу жұмыстары



Г) Венн диаграммасы:





V. Қорытындылау.

Егер Исатай , Махамбет көтерілісі болмаса қазақ өз жерін сақтай алмай, отарлауға біржола жұтылып кетерме еді, кім білсін халық көтерілісі хандардың, патша үстемдігінің терезесін шайқамады деймісің.

Махамбет Бекетай құмы ішінде бас сауғалап жүрседе, Нұрсұлтаным оқуға беруге бекінеді. «Білім болса, қорғаныс қаруының түп-түрін жасар едік, сонда жауға еңсе бастырмай, байтақ жерімізді қорғар едік»- деп ой түйеді. «Тайманның ұлы Исатай, ағайынның басы, Исатайды өлтіріп, Қырсық та шалған біздің ел» деп ақын көкірегі өкінішпен күңіренген де болар-ау.

Биылғы тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы ер-батыр бабаларымыз Исатай, Махамбет, Сырым, Кенесары аңсап кеткен тәуелсіздік!!!



VI. Оқушыларды бағалау.

VII. Үйге тапсырма.

**«1836-38 жылдарға саясат»
тақырыбында ой – толғау (әңгімеге
жазу)**



*Назарларыңызға
рахмет!*

